

ЖШС «АйКүн» бөбекжай-балабақшасы

Бұйрық № 34

Ақтөбе қаласы

15.10.2025ж.

«Қамқоршылық кеңес құрамын құру»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген /өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023жылғы №56/«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңесінің құрамы сайлансын:

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1. Мырзагазиева Индира

Төрайым орынбасары:

2. Кукебаева Айнур

Мүшелері:

3. Абдыхалыкова Дина

4. Мукашев Дархан

5. Аманғали Ақмарал

6. Султашова Бибигул

7. Умарова Гүлдана

"АйКүн" бөбекжай-балабақшасы
менгерушісі :



М.М.Журтканова

Бекітемін
«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі:
М.М.Журтканова
15.10.2025ж

ЖШС "АйКүн" бөбекжай-балабақшасы
2025 - 2026 оқу жылына арналған «Қамқоршылық» кеңесінің
жұмыс жоспары.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Орындалуға жауапты
1	1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу. 2. Қамқоршылық кеңес құрамын жаңадан сайлау. 3. Ақылы қызмет жұмысы туралы. 4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну. 5. Әр түрлі мәселелер.	I-тоқсан	Менгеруші Қамқоршылық кеңесі төрайымы, мүшелері
2	1.Бракераждық комиссиясының жұмысы туралы. 2.Балабақшаның асханасының санитарлық талаптарына сәйкестігі. 3.Әр түрлі мәселелер.	II-тоқсан	Менгеруші, медбике Қамқоршылық кеңесі, төрайымы, мүшелері
3	1.Балабақша ішілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды, спорттық іс - шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету. 2. "Адал азамат біртұтас тәрбие" бағдарламасының орындалуы туралы.	III-тоқсан	Балабақша Қамқоршылық кеңесі төрайымы, мүшелері
4	1. Ата-аналар мен тәрбиеленушілер үшін мектеп әкімшілігінің қамқоршылық кеңеспен бірлескен ашық есік күнін ұйымдастыру. 2. Балабақшаға демеушілер, балабақшаны дамытуға қайырымдылық көмек көрсету, ауланы безендіру жұмыстары.	IV-тоқсан	Қамқоршылық кеңесі төрайымы, мүшелері Тәрбиешілер Ата-аналар

ЖШС «АйКүн» бөбекжай балабақшасы

Хаттама №1

Ақтөбе қаласы

15.10.2025ж.

Қатысқандар-8.

Меңгеруші М.М.Журтканова.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1.Мырзагазиева Индира

Төрайым орынбасары:

2. Кукебаева Айнур

Мүшелері:

3. Абдыхалыкова Дина

4. Мукашев Дархан

5. Аманғали Ақмарал

6. Султашова Бибигул

7. Умарова Гүлдана

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. Қамқоршылық кеңесінің кейбір құрамын жаңадан сайлау.
3. Ақылы қызмет жұмысы туралы.
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.
5. Әр турлі мәселелер.

Тындалды:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Мырзагазиева Индира сөз сөйледі.

Ата-аналар комитеттері мен қамқоршылық кеңесінің міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері жайлы таныстырды. Комиссия мүшелерімен таныстырып, қамқоршылық кеңес балабақшаның өзін-өзі басқару органы болып табылатынын және балабақшаның қызметі мен дамуына жәрдемдесу үшін құрылатынын айтып өтті. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібімен таныстырды.

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңестің (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

2. Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның дамуна ықпал ететін және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялылық пен шынайылық.

3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;

2) өз қызметін мектепке дейінгі ұйыммен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға міндетті.

II. Жаңадан сайланған қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен таныстырды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023жылғы №56/«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 09.10.2025жылғы №522 бұйрығына сәйкес төмендегі қамқоршылық кеңесі мүшелері сайланды.

Ақылы қызмет жұмысы туралы меңгеруші М.М.Журтканова хабарлама жасады.

Биылғы оқу жылында ата-аналардың өздерінің сұранысы бойынша ақылы қызмет жұмысына бағдарламалар жазылғанын атап өтті.

- Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып бекітуге ұсынылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Абдыхалыкова Дина - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:- Қорытындысын ертеңгіліктерде көріп жүрміз. Бала үшін көптеген жұмыстар да орындалып жатыр. Әр ата-ана үшін баласының осы мекемеде жан-жақты дамып мектепке үлкен даярлықпен баратынына сенімдімін, ақылы қызмет жұмысына қосымша, кәзіргі заман талабына сай, робототехника үйірмесі болса деген ұсынысым бар.

Аманғали Ақмарал - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:- Балабақшадағы атқарылып жатқан жұмыстарға толық қанықпыз. Алдағы уақытта да ұлттық құндылықтарды балалардың бойына кішкентайынан сіңіру үшін арнайы бірлескен жақсы жұмыстар қарастырылса деп ойлаймын.

Мекеме әкімшілігі:- Ұсыныстарды қабылдаймыз. Ұлттық құндылықтарды балаларға үйрету бойынша қосымша жұмыс жасалуда.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайым Мырзагазиева Индира. Ол жалпы балабақшада балалардың құқығын сақтау бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Шешім:

1. Ата-аналардың ақылы қызмет туралы сұранысы қанағаттандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен мүшелері тағайындалып, бекітілсін.
3. Жоспардағы іс-шаралар мерзімге сай орындалсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1.Мырзагазиева Индира

Төрайым орынбасары:

2. Кукебаева Айнур

Мүшелері:

3. Абдыхалыкова Дина


4. Мукашев Дархан

5. Аманғали Ақмарал

6. Султашова Бибигул

7. Умарова Гүлдана

Хатшы:



ЖШС «АйКүн» бөбекжай балабақшасы

Хаттама №2

Ақтөбе қаласы

17.12.2025ж.

Қатысқандар-7.

Меңгеруші М.М.Журтканова.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1.Мырзагазиева Индира

Төрайым орынбасары:

2. Кукебаева Айнур

Мүшелері:

3. Абдыхалыкова Дина

4. Аманғали Ақмарал

5. Султашова Бибигул

6. Умарова Гүлдана

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.Бракераждық комиссиясының жұмысы туралы.

2.Балабақшаның асханасының санитарлық талаптарына сәйкестігі.

3.Әр түрлі мәселелер.

Тындалды:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Мырзагазиева Индира сөз сөйледі.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Индира Мырзагазиевна бракераждық комиссияның жұмысы және тамақтануды ұйымдастыру барысы туралы айтып өтті. Ол өз сөзінде комиссияның айына бір рет міндетті түрде дайын тағамның сапасын (дәмі, түрі, температурасы) тамақ қалдықтарын және санитарлық талаптардың сақталуын тексеретінін атап өтті. Азық –түліктердің сапа сертификаттары тексеріліп, талапқа сай екені расталды..

2. Екінші мәселе бойынша медбике Л.Р.Арстанова сөз салды. Ол асхананың санитарлық талаптарға сәйкестігі (тазалық, ыдыс-аяқты зарасыздандыру, жабдықтардың жұмысы және қызметкерлердің жеке гигиенасы) толық сақталатынын жеткізді. Кеңес мүшелеріне ас блогын тексеру қорытындысының фото/видео дәлелдері көрсетілді.

Сөз салды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Индира Мырзагазиевна асханадағы жабдықтардың (тоңазытқыштар, плиталар) санитарлық нормаларға сай жұмыс істеп тұрғанын және тамақ қоймасындағы азық – түлектердің сақталу мерзімі бақылауда екенін айтты.

Умарова Гүлдана - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:- Балабақшадағы тамақтандыруды ұйымдастыру жұмыстарына толық қанықпыз. Алдағы уақытта да ас мәзірі бойынша, дәрумендеу жұмыстары жағынан жақсы жұмыстар қарастырылса деп айтып өтті. Мекеме әкімшілігі:- Ұсыныстарды қабылдаймыз. Ас мәзірін әлі де жақсарту бойынша қосымша жұмыстар жасалуда.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайым Мырзагазиева Индира жалпы балабақшадағы балалардың тамақтануы бойынша, санитарлық талаптарын сақтау жұмыстары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Шешім:

1. Бракераждық комиссияның жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Комиссияға тамақ дайындау технологиясы мен тағамдардың сапасын қатаң бақылауда ұстау міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

- 1.Мырзагазиева Индира


Төрайым орынбасары:

2. Кукебаева Айнур

Мүшелері:

3. Абдыхалыкова Дина
4. Аманғали Ақмарал
5. Султашова Бибигул
6. Умарова Гүлдана

Хатшы:



ЖШС «АйКүн» бөбекжай балабақшасы

Хаттама №3

Ақтөбе қаласы

16.03.2026ж.

Қатысқандар-7.

Меңгеруші М.М.Журтканова.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1.Мырзагазиева Индира

Төрайым орынбасары:

2. Кукебаева Айнур

Мүшелері:

3. Абдыхалыкова Дина

4. Аманғали Ақмарал

5. Султашова Бибигул

6. Умарова Гүлдана

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.Балабақша ішілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды, спорттық іс - шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету.

2. "Адал азамат біртұтас тәрбие" бағдарламасының орындалуы туралы

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша:меңгеруші М.М. Журтканова

Алғы сөз кезегінде балабақшада өтетін дәстүрлі мерекелік және спорттық іс-шаралардың маңыздылығын атап өтті. Балалардың шығармашылық қабілетін дамытып, денсаулығын нығайту мақсатында ұйымдастырылатын шараларға ата-аналар қауымдастығы мен қамқоршылық кеңесі тарапынан қолдау көрсету қажеттігі айтылды. Мерекелер жоғары деңгейде өту үшін ата-аналарды белсенді түрде тарту жұмыстары жүргізілсе деген сөз айтылды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Индира Мырзагазиевна Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өтетін мерекелік және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға қамқоршылық кеңесі демеушілік (сыйлықтар, безендіру материалдары, т.б.) және ұйымдастырушылық көмек көрсетуге дайын екендігін айтып өтті және мерекелерді жоғары деңгейде өткізу үшін ата-аналарды белсенді түрде тарту жұмыстары күшейтуге қамқоршылық кеңес ат салысуға дайын екенін айтты.

Екінші мәселе бойынша: меңгеруші М.М. Журтканова

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының орындалу баяны туралы айтып өтті. Бағдарлама шеңберінде бала бойына ұлттық құндылықтарды, еңбекқорлықты, отаншылдық пен әділдікті сіңіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар, тақырыптық іс-шаралар жайлы есеп берді.

Сөз салды:

Абдыхалыкова Дина - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:- Балабақша ішілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды, спорттық іс – шараларды, "Адал азамат біртұтас тәрбие" бағдарламасының орындалуын ертеңгіліктерде, қатысып жатқан іс-шараларда, балабақшаның инстаграм парақшасынан көріп жүрміз. Бала үшін көптеген жұмыстар да орындалып жатыр. Әр ата-ана үшін баласының осы мекемеде жан-жақты дамып мектепке үлкен даярлықпен баратынына сенімдімін деп қорытындылап өтті. Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайым Мырзагазиева Индира жалпы балабақшадағы балалардың жан жақты дамуы, ұлттық құндылықтарды дәріптеу жұмыстары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Шешім:

1. Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өтетін мерекелік және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға қамқоршылық кеңесі демеушілік (сыйлықтар, безендіру материалдары, т.б.) және ұйымдастырушылық көмек көрсетсін.
2. Мерекелерді жоғары деңгейде өткізу үшін ата-аналарды белсенді түрде тарту жұмыстары күшейтілсін.
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының балабақшада орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған тәрбиелік шаралар мен тақырыптық ертеңгіліктерді бағдарлама талаптарына сай жүйелі түрде жалғастыру ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1.Мырзагазиева Индира

Төрайым орынбасары:

2. Кукебаева Айнур

Мүшелері:

3. Абдыхалыкова Дина
4. Аманғали Ақмарал
5. Султашова Бибигул
6. Умарова Гүлдана

Хатшы:



ЖШС «АйКүн» бөбекжай балабақшасы

Хаттама №4

Ақтөбе қаласы

10.04.2026ж.

Қатысқандар-7.

Меңгеруші М.М.Журтканова.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1.Мырзагазиева Индира

Төрайым орынбасары:

2. Кукебаева Айнур

Мүшелері:

3. Абдыхалыкова Дина

4. Аманғали Ақмарал

5. Султашова Бибигул

6. Умарова Гүлдана

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Ата-аналар мен тәрбиеленушілер үшін мектеп әкімшілігінің қамқоршылық кеңеспен бірлескен ашық есік күнін ұйымдастыру.

2. Балабақшаға демеушілер, балабақшаны дамытуға қайырымдылық көмек керсету, ауланы безендіру жұмыстары.

Тындалды: Балабақша меңгерушісі М.М. Журтканова күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз сөйледі. Ол ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайту мақсатында бірлескен «Ашық есік күнін» өткізудің маңыздылығын атап өтті. Іс-шара барысында ата-аналар тәрбие процесімен, балалардың тыныс-тіршілігімен және ас мәзірімен таныса алатынын жеткізді.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Мырзагазиева Индира бұл бастаманы толық қолдайтынын және кеңес мүшелері іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне белсенді атсалысатынын айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ата-аналар комитетінің төрайымы Султашова Бибигул : Ашық есік күні аясында ата-аналарға арналған ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен психологиялық тренингтер өткізуді ұсынды. Әр топтан ата –аналар қатысса деген пікір білдірді. Балалардың режимын бұзбау мақсатында түске дейінгі уақытқа және түскі ұйқыдан кейінгі уақытқа келетін ата-аналар бөлінсе деген ой айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Абдыхалыкова Дина сөз алды. Ол балабақша ауласын абаттандыру, балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыру үшін демеушілік көмек көрсетсек екенін деп ой айтты. Ауланы заманауи үлгіде безендіру, гүл егу және балалар отыратын беседкаларды бояу бойынша жоспар ұсынды.

Балабақша меңгерушісі қайырымдылық және демеушілік көмектер тек ерікті түрде, заң аясында жүргізулерін ескертті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Аманғали Ақмарал: Ауланы безендіру жұмыстарына ерікті ата-аналар мен демеушілерді тарта отырып, қолжетімді және экологиялық таза материалдарды қолдануды ұсынды.

Шешім:

1. Балабақша әкімшілігі мен қамқоршылық кеңестің бірлескен «Ашық есік күні» ағымдағы жылдың сәуір айына жоспарлансын. Іс-шараның бағдарламасын әзірлеу және ұйымдастыру жұмыстары әкімшілік пен қамқоршылық кеңеске жүктелсін.
2. Балабақша ауласын безендіру және көгалдандыру жұмыстары бойынша арнайы іс-шаралар жоспары бекітілсін. Ерікті демеушілер мен қайырымдылық ұйымдарын тарту жұмыстары заңнама талаптарына сай ашық түрде ұйымдастырылсын. Көмек нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1. Мырзагазиева Индира

Төрайым орынбасары:

2. Кукебаева Айнур

Мүшелері:

3. Абдыхалыкова Дина
4. Аманғали Ақмарал
5. Султашова Бибигул
6. Умарова Гүлдана

Хатшы:

